

17 наурыз 2024 жылы

**Қатынасқандар:**

Аудандық аурухана қызметкерлері,  
дәрігерлік амбулаториялардың аға дәрігерлері  
Барлығы: 76 қызметкерлер қатынасты

**Төрайым: М.Қанатқалиева** – аудандық аурухана директорының орынбасары  
**Хатшы: А.М.Шамилова**- заңгер, комплаенс офицер

**Күн тәртібінде:**

*Қызылқоға аудандық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу  
бағытындағы түсіндірме жұмыстар туралы*

**Сөз сөйлегендер:**

**Төрайымдық етуші: М.Қанатқалиева** қызметкерлерге ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу баршаның ортақ міндеті екенін ескертіп, осындай әрекеттерге барғандарға заң жүзінде әкімшілік және қылмыстық жазалар қарастырылатынын айтты. Жауапты лауазым тұлғалар өздері басқаратын ұжымда жемқорлыққа жағдай туғызатын жағдайлар мен оқиғаларға жол бермеу, болған уақытта міндетті түрде кәсіпорын басшысына немесе сенім телефоны арқылы құзырлы органдарға хабарлану керектігін ескертті.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау бағытында жұмыстар жүргізілу керек. Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында аурухананың және оған қарасты медициналық ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алмағанын, пациент, жеке тұрғындардан арыз-шағым болмағанын айта өтіп, алдағы тоқсанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін ескертті. Аурухананың көрнекі жерлеріне плакаттар, сенім телефондары туралы ақпаратты орналастыруды және жаңартылып тұруын қатаң тапсырды.

**Заңгер –А.М.Шамилова** - Сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді аландатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

кимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұлатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Аудандық ауруханада дәлізге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде банер орналастырылды, қосымша плакаттар ілінді. Жауапты тиісті лауазымды тұлғалар әлеуметтік желілерге халыққа қажетті ақпараттарды, хабарландыруларды үнемі жаңартып салынып отыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе жұмыс жасап, Заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейік әріптестер.

Төрайым:



М.Қанатқалиева

Хатшы:



А.Шамилова